

## Салық салу объектісінің Жамбыл ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 620 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 4439 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес салық салу объектісінің Жамбыл ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. "Жамбыл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) Осы қаулының Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) Осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ерлан Қыдыралылына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жамбыл ауданының әкімі

Б. Казанбасов

"Келісілді"

Жамбыл ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер

басқармасының басшысы

М. Тленчиев

"29" қараша 2019 ж.

Жамбыл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 29 қарашадағы  
№ 620 қаулысына қосымша

## Салық салу объектісінің Жамбыл ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 27.11.2020 № 607 (01.01.2021 қолдағысқа енгізіледі) қаулысымен.

| №  | Ауылдық округтің атауы     | Елді мекендердің атауы | Коэффициент |
|----|----------------------------|------------------------|-------------|
| 1  | Айшабибі ауылдық округі    | Айшабибі ауылы         | 2,15        |
|    |                            | Қаратау бөлімшесі      | 1,3         |
|    |                            | Әулікөл ауылы          | 1,2         |
| 2  | Ақбұлым ауылдық округі     | Ақбұлым ауылы          | 2,25        |
| 3  | Аса ауылдық округі         | Аса ауылы              | 2,25        |
|    |                            | Рахат ауылы            | 1,8         |
| 4  | Бесағаш ауылдық округі     | Бесағаш ауылы          | 1,7         |
|    |                            | Турксиб ауылы          | 2,15        |
| 5  | Ерназар ауылдық округі     | Ерназар ауылы          | 1,6         |
| 6  | Жамбыл ауылдық округі      | Шайқорық ауылы         | 2,05        |
|    |                            | Бесжылдық ауылы        | 2,1         |
|    |                            | Қоңыртөбе ауылы        | 2,45        |
|    |                            | Қапал ауылы            | 1,4         |
|    |                            | Шайқорық станциясы     | 1,45        |
|    |                            | Танты ауылы            | 1,8         |
| 7  | Қаракемер ауылдық округі   | Қаракемер ауылы        | 1,45        |
|    |                            | Құмтиын ауылы          | 2,1         |
|    |                            | Сеңгірбай ауылы        | 0,9         |
| 8  | Қаратөбе ауылдық округі    | Бектөбе ауылы          | 2,15        |
|    |                            | Қызыл Шарық ауылы      | 1,35        |
|    |                            | Бәйтерек ауылы         | 1,25        |
| 9  | Қарой ауылдық округі       | Пригородное ауылы      | 2,3         |
|    |                            | Кемел ауылы            | 0,9         |
| 10 | Көлқайнар ауылдық округі   | Тастөбе ауылы          | 1,5         |
|    |                            | Еңбек ауылы            | 1,4         |
|    |                            | Жамбыл ауылы           | 1,5         |
|    |                            | Қостөбе ауылы          | 1,55        |
|    |                            | Көлқайнар ауылы        | 1,1         |
|    |                            | 27 Разъезд             | 1,55        |
| 11 | Қызылқайнар ауылдық округі | Жасөркен ауылы         | 1,55        |
|    |                            | Қызылқайнар ауылы      | 2,75        |
| 12 | Өрнек ауылдық округі       | Өрнек ауылы            | 1,45        |
|    |                            | Жұма станциясы         | 1,05        |
| 13 | Қарасу ауылдық округі      | Ащыбұлақ ауылы         | 1,5         |
|    |                            | Шайдана ауылы          | 1,4         |

|    |                           |                     |      |
|----|---------------------------|---------------------|------|
| 14 | Полатқосшы ауылдық округі | Жалпақтөбе ауылы    | 2,3  |
| 15 | Ақбастау ауылдық округі   | Бірлесу-Еңбек ауылы | 2,05 |
|    |                           | Шоқай ауылы         | 1,5  |
| 16 | Гродиково ауылдық округі  | Гродиково ауылы     | 2,65 |
|    |                           | Қызыл-Дихан ауылы   | 1,7  |
| 17 | Тоғызтарау ауылдық округі | Құмсуат ауылы       | 0,9  |
|    |                           | Тоғызтарау ауылы    | 1,5  |
|    |                           | Жаңа өткел ауылы    | 1,15 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК